



Ет өңдеудің
өрісті кезеңі

2-бет





Жуалының
Жұмабегі


4-5-беттер





Мәдениетсіз
мемлекет тұл

8-бет



Дабыл қақтырған дерт

Ресми дерекке сүйенсек, Қазақстанда 2019 жылы 3 568 балаға аутизм диагнозы қойылса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 12 456-ға жеткен. Ал, бейресми дерек бұл санның 2-3 есе артық екенін көрсетеді. Сондықтан, аутистік спектрі бұзылған бала да, жанында жүрген ата-ана қолдауға зәру. Президент Ұлттық Құрылтайдың биылғы отырысында «Өкінішке қарай, дүние жүзінде осындай диагнозы бар балалардың саны жылдам өсіп барады. Мұндай жағдай Қазақстанда да бар» дей келе, ерекше балаларға барлық жағдайды жасау қажеттігі туралы айтты.



Сурет ашық дереккөзінен



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Статистика көңіл
көншітпейді

Өкінішке қарай, аутистік спектрі бұзылған балалардың қатары жыл санап еселене түсуде. Облыста ерекше білім беру қажеттіліктері бар 20

мыңға жуық бала бар. Нақтыласақ – 19 886 мың бала, 2023 жылы – 14 788 бала болған. Осы балалардың 85,7%-ы, яғни, 17 043-і арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау мен ерте түзету шараларымен қамтылған. Оның ішінде, педагогикалық медициналық психологиялық кеңес деректері бойынша облыста аутистік спектрі бұзылған 1 358 бала тіркелген. 2022 жылы 638 болса,

2023 жылы 967 бала есепке алынды. Ауытқудың себептерін бүгінгі күні ешбір маман тап басып айта алмайды. Белгілісі – ол туа бітті пайда болмайды. Тек бала өсе келе байқалады. Егер түзету жұмыстарын өте ерте бастаса, мектеп жасына қарай бала кәдімгідей жақсы болып кетуі мүмкін. Мамандардың айтуынша, оның пайда болуына әсер ететін фактор көп. Оның ішінде,



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

тек генетика мен нашар экология ғана емес, сонымен қатар, жүйке жүйесінің аурулары, анада жүктілік кезіндегі тұрақты стресс, ата-аналардың созылмалы аурулары да жатады. Аутизмді толығымен емдеу мүмкін емес, бірақ, белгілерді түзетуге болады. Мәселен, баланы сөйлеуге үйрету, қоғамға бейімдеу, басқа да дағдыларға үйрету мүмкін нәрсе. Егер дұрыс диагноз кем дегенде, екі жасқа дейін қойылса, қалыпты өмір сүру мүмкіндігі артады. Бала кәдімгі мектепке бара алады, тіпті, университетке түсуіне, жұмыс істеуіне жол ашылады. Егер диагноз тым кеш қойылса, адам өмір бойы арнайы күтімді қажет етуі мүмкін.

Ерте анықтау – даму кепілі
Қазақстанда диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамасы алғаш рет 2021 жылы бекітілді. Бұл шешім дәрігерлердің аутизмді анықтаудағы біліктілік деңгейін арттырып, диагностика сапасын жақсартуға ықпал етті. Сонымен қоса, ата-аналардың аутизм туралы хабардар болуы артып, ерте диагностиканың маңыздылығын түсінуі ауруды ерте анықтауға мүмкіндік берді. Одан кейінгі жылында ел аумағында аутизм белгілерін ерте анықтауға арналған M-CHAT (Modified Checklist for Autism in Toddlers) диагностикалық скринингі енгізілді.
Денсаулық сақтау басқармасы ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысы Аслан Теміровтің айтуынша, балалар психиатрия орталығында интеллект деңгейі мен аутизм дамуының тәуекел деңгейін анықтау үшін Векслер тестісі жасалады.

➤ 6-бет

Олжастың медалімен марапатталды

Қазақтың аяулы акыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, биыл мерейлі 75 жасқа толған Серік Ақсұңқарұлы «Oljas Suleimenov» атындағы құрмет медалімен марапатталды.



ЕРІК НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Серік Ақсұңқарұлы – ұлт әдебиетіне «XX ғасырдың жиырма сәті» атты поэма-понорамасымен жарқ етіп келген еді. Жырларымен халқының еңсесін тіктеп, кеудесіндегі рух алауын үрлеген акық акын. Тұтас ғасырдың кескіндемесін жасаған дегдар дарын. Құрмет медалін «Еуразиялық мәдениет қоры» қоры беріп отыр. «Oljas Suleimenov» атындағы құрмет медалін Алаштың аяулы перзенті, Түркі халықтарының арасына көпір болған «Қазақстанның Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері», «Парасат» орденінің иегері Дүйсен Қасейінов те алды. Халқының ғажап акыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ұлыбек Есдәулетке де табысталды.
Олжас Сүлейменов – қазаққа ғана емес, тұтас түркі дүниесіне ортақ талантты акын, қажырлы қайраткер, әйгілі лингвист ғалым. Ұлысына сәулелі сөз қалдырған біртуар шайыр атындағы құрмет медалі қазақ қаламгерлері үшін зор маңызға ие екені анық.



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай 10 447,44 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 386,60 тг
Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН /АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға 5 882,60 тг
Жеке жазылушылар	6 айға 3 074,60 тг

 Анықтама телефоны:
41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

 E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

Мекенжайымыз:
Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат

Бәсекеде бәсі биік

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы – биыл әкімдік басқарудағы тиімділіктің нақты үлгісін көрсетті. Қазақстан Құрылысшылар одағы жариялаған рейтингке сәйкес, аймақ республика бойынша ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл тізімде орын алу – есеп үшін ғана емес, іс үшін жұмыс істейтін өңірлерге берілетін нақты баға. Негізгі бағалау критерийлері – құрылыс қарқыны, мемлекеттік бюджетті уақытында әрі мақсатты игеру, тұрғындармен ашық байланыс, индустриялық жобаларды жүзеге асыру және ен бастысы – шенеуніктердің адалдығы. Қарағанды бұл бағыттардың біразында жоғары нәтиже көрсетті. Әкімдік аймаққа бөлінген қаржыны қағазбастылықпен созбай, нақты нысандарға бағыттаған. Өңірде басталған жобалар мәреге жеткен. Жолдар жөнделді, әлеуметтік инфрақұрылым салынды, өнеркәсіптік нысандар іске қосылды. Мұның бәрі – рейтингтің негізгі бағамдары. Нәтижесінде облыс екі критерий бойынша үздік атанды. Бұл – өңірлік басқарудың сапалы моделін қалыптастырып отырғанын айғақтайтын баға. Рейтингі «Orda.kz» сайты жариялады.



Коллаж жасаған Шынар Адамбекова

➤ 2-бет

Сурет сөйлесе, тарих тіріледі

Ол кезде газет бетіне шығатын әр сурет – еңбекпен өрілген, уақытпен өлшенген дүние еді. Цифрлы техника түгілі, автоматтандырылған процесс болмаған кезеңде фототілші барлық істі қолмен атқаратын. Пленка тартып, жарықты дәл қою, диафрагма мен выдержканы есептеу... Мұның бәрі интуиция мен тәжірибенің, талаптың арқасында келетін қабілет еді.

Өңірдің бас басылымы «Орталық Қазақстан» газетінде аттай 35 жыл еңбек еткен фототілші Жұмабек Иманәлиев сол дәуірдің тірі куәгері. Оның объективі уақытты тоқтатып, тарихты қағаз бетіне түсірді. Әр суретінде – өмірді, әр кадрында – шындықты таспалады. Бүгінде сол суреттер сарғайған газет тігінділерінде қаттаулы. Ардагер күні бүгінге дейін өзі ұстаған алғашқы фотоаппараттарын сақтап жүрген көрінеді. Осы жолы кейіпкердің өзіне емес, фотоаппараттарына тоқталуды жөн көрдік. Кеңінен әңгімелестік һәм мерейтой иесінің бұрын газет бетінде жарық көрмеген фотосуреттерін назарларыңызға ұсынамыз.



Ж.Иманәлиевтің алғашқы фотоаппараттары

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кейіпкеріміздің фотоаппаратқа әуестігі 14-15 жасында ашылған екен. Өз сөзінде ол:

– 1963-1964 жылдары бізді ағамның жолдасы Володя Сухин фотоға түсірген еді. Сол уақытта қолындағы фотоаппаратқа қызығып, осының тілін меңгеруге құштар болдым. Оның қолында «Киев-4» және «Смена 8» фотоаппараты болды. Маған өзінің кішкентай ғана «Смена 8»-ін сатты. Осы аппаратпен суретке түсіруді үйрендім. Суретке түсірмес бұрын әуелі арақашықтықты, одан кейін экспозиция уақытын, диафрагмасын қолмен қоясын. Егер

мысқа бойы үйренбей жұмыстан кетеді. Сол уақытта Володя Сухин Шымкентте фотографтың оқуы барын айтып, білімін жетілдіруге кеңес берітті. Нәтижесінде, 1969-1970 жылдары фотограф мамандығында дәріс алып, 4-разрядты фотографы болып шыға келген.

– Оқуымды тәмамдаған соң Түлкібас медкомбинатында бір ай жұмыс істедім. Кейін тігін цехында, содан барып ауылға оралдым. Аудандық сыртқы сауда комбинатына фотограф болып орналасып, екі жылға жуық жұмыс істедім. Маған осы жерден шағын орталық ашып берді. Айлық жоспар орындап, соған сай азды-көпті қолақымды алып жүрдім. Содан

шкаласымен де әжептәуір жұмыс істеп дағдыландым. Қай жерде фотоаппаратты қалай қолданатынын біркісідей меңгеріп қалған шағым. Бірақ, әу баста жарық сезгіштігі 130 бірлікке тең фотопленканы қолданып жүргенмін. Кейін 400-дігі барын біліп, соған көштім. Жаңа пленканың арқасында жұмысым жеңілдеп қалды. Бірақ, аудандық газеттен кетіп бара жатқанымда осы фотоаппаратымды кимадым, – дейді кейіпкеріміз.

Әуелі осы темірдің тілін түсінгеннен кейін ғана кадр «тіріледі». Әрине, бұл сөздің ешқандай қатесі жоқ. Керісін-



Облыс әкісі Е.Бөлекпаев Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде

бәрін дұрыстасаң, түсірген дүниенің сапалы шығады. Бұрынғы фотоаппараттар қазіргідей емес, барлық параметрлерін қолмен істейтінбіз. Содан кейін фотоаппарат пленкасын да дұрыс таңдауың қажет. Суреттіңнің қанық әрі сапалы шығуы пленкаға да тікелей байланысты. Ол кезде «Шостка» және «Қазан пленкасы» кеңінен тараған дәуір еді. Сапа жағынан «Шостка» пленкасы жақсы болған соң өзім соны пайдаландым.

Фотоаппаратты қолыма алған соң дүкенге барып қағаз, фотохимиялық ерітінді, фотобекіткіш алдым. Түсірген суреттерімді түнімен түсініп, шығаратынымын. Егер бір нәрседен мүлтік кетсеңіз, суретіңіз дұрыс шықпайды. Күйіп кетеді. Әу баста түсірген суреттерім дұрыс болмады. Ал, сұрайын десем, көрсетіп, түсіндіріп, білмеген жерімді айтатын ешкім болмады. Володя күнде менің жанымда жүре бермейді. Содан не керек, ақырындап өзім үйрендім, – деді.

1968 жыл. Жас фотографтың 18 жасқа енді толған шағы. Ал, өмір жолында екі таңдау. Біріншісі – оқуға түсіп, білімін жетілдіру. Екіншісі – қара жұмыс істеу. Сонымен не керек, 18 жасында теміржол бойына жұмысқа тұрып, үлкен өмірге қадам басады. Бірақ, аптап ыстық пен суыққа, ауыр жү-

кейін ол жерден шығып, Жуалы аудандық ауруханасына рентген-лаборант болып жұмысқа тұрдым. Жұмыс істеп жүріп Жамбыл облыстық ауруханасында алты ай рентген-лаборант мамандығын да тәмамдап алдым. 1974 жылы отбасылық жағдайға байланысты Топар ауданына қоныс аудардық. Келген жылы Мичурин аудандық газетіне орналасып, газеттегі өмірім осы жерден басталды. Алғашқы жылдары қатты қиналдым. Фотоаппаратты үйретіп, түсіндіретін ешкім болмады. Содан не керек, дүңгіршектерден «Советское фото» деген журналды және басқа да газеттерді сатып алып, суреттің қыр-сырын сол жерден оқып үйрендім, – деді ағамыз.

Аудандық газет редакторы Валентин Баландин жас фототілшіге қоймадан фото ұлғайтқыш, фотоаппарат және басқа да керек-жарак құрылғыларын алып берген. Сол кезде кәсіпінде ұстаған ең бірінші аппараты – «Киев-4» маркалы фотоаппараты еді. Газет редакторы шағын бөлме беріп, фотолaborатория ашуға мүмкіндік жасапты.

– Ол кезде фотожарқыл шам деген атымен болмаған. Бірақ, маған бұл құрылғыны пайдалану, суретке түсіру аса бір қиынға соқпады. Себебі, өзім жан-жақтан оқып, үйреніп алған едім. Жылдамдық



Кезекті түсірілім барысында

ше «фотопленкаң жақсы болса, суреттердің де сапасы артады» дейді өзі.

1977 жылдан бастап облыстың



«Даңк» орденінің толық иегері Мұтәш Сүлейменов жас жауынгерлермен бірге

осы Дмитрий үйретті, – дейді сол күндерді еске алып.

Жас фототілші үшін бәрі таңсық. Үлкен кәсіпорын мен зауыттың тыныс-тіршілігін түсіруден әлі бейхабар еді. Сол кезде әріптестері Қағазбек Сәденов, Қайыркен Сұлтанов, Орынбай Аймағанбетов, Амантай Сағындықов сынды ағалары қолғабыс еткен. Ақыл-кеңес берген.

– Ол кісілер зауытқа барады да бәрін қағазға түсіріп алады. Кейін маған келіп, «Міне, осыны түсір. Ал, мына кісіні былай түсіресің. Мына бір өндіріс орнына барып, өз қалауыңмен кадр жинап кел» дейтін. Фоторепортаж түсіруді аудандық газетте жүргенімде ұстазымыз Юрий Панов, досым Артур Куаналиев үйреткен еді. Бір-екі мәрте көріп, қолымды қалыптастырып алған соң әрі қарай өзім алып кеттім.

– «Орталықта» жүргенімде өзім бір ұжымға, өндіріс орнына барып, репортажды орысша жазып алып келетінмін. Қазақшаға Ержан Иман, Тілеукабыл Байтұрсынов аударып, жазып жүретін. Кез келген мекемеге, медицина ұйымына, тіпті, құрылыс объектілеріне барып өзім басшыларымен кездесіп репортаж түсіре беретінмін. Қолым қалт етсе қай мекемеге немесе өндіріс орнына баратынымды анықтап, керек фотоларымды алдын ала ойлап баратынымын. Сосын мекеме басшылары менің жанымға бригада басшыларын немесе басқа да жауапты мамандарды қосып беретін. Сөйтіп репортаж түсіруші едім. Әрі орысша барлық ақпараттарды жинап, дайын күйінде редакция тілшілеріне табыстаймын. Қазір заман өзгерген. Фотожурналистер өз еркімен өндіріс орындарын аралай алмайды. Негізі, фотожурналисті шыңдайтын – өндіріс, – дейді ардагер фотожурналист.

...Ол кадр қуған жоқ. Ақиқатты іздеді. Фотоаппарат оның қаруы емес, көзі болды. Объектив арқылы қоғамға, елге қарады. Ал, біз сол

қос газеті «Орталық Қазақстан» мен «Индустриальная Караганда» газетіне түсірген дүниелерін жіберіп тұрады. Одан бөлек, Алматыдан шығатын «Лениншіл жас», «Ленинская смена» және күллі одаққа корей тілінде тарайтын «Ленин кичи» газетінде де туындылары жарық көрген. Сол кездегі Целиноград қаласынан шығатын «Фройдшвафт» газетіне, «Қазақстан әйелдері» журналына да жолданған. Кейін есімі туындылары арқылы танылған жас фотограф аймақтың басты басылымы «Орталық Қазақстанының» сол кездегі жауапты хатшысы Рымкүл Сүлейменов арнайы шақыртады. Бұл – 1979 жыл еді.

табыстады. Онымен шамалы түсірген соң өзім үйренген маркамның кейінгі нұсқасын, яғни, «Киев-17» аппаратын алды. Осы құрылғымен бертінге дейін жұмыс істедім. Газет бетінде жарияланған барлық суреттер осы құрылғымен түсірілді. Содан кейін барып «Сапон» маркалы заманауи фотоаппараты қолыма түсті. Ал, бұл аппаратқа біршама уақыт үйренісе алмай жүрдім. Біз секілді баптауларын қолмен қоймайсың. Батырмалары арқылы реттеп, компьютерге қосады екенсің. Далада, немесе гимнарат ішінде түсіргенде баптауларын дұрыс қоймасаң суретің – жарамсыз. Ал, өзім әбден қолмен қойып үйреніп қалғанмын ғой, батырма-

ларын пайдалана алмайтынмын. Орыс редакциясының фототілшісі Дмитрий Кузьмичев – өз шәкіртім. Қолымдағы жаңа аппараттың тілін

қараған көзден тарихты көріп отырмыз. Ал, тарих ешқашан өшпейді. Міне, фотожурналист еңбегінің шынайы мәні – осы.

